

**«Нұрай» мектепке дейінгі шағын
орталығы» жеке мекемесі**

Баяндама

**Тақырыбы: «Танымдық және зияткерлік
дағдыларды дамыту»**

Шымкент қ 2023

Мектеп жасына дейінгі білім беру әдістемесінде балалардың зияткерлік-танымдық белсенділігін дамытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері бар. Дегенмен, бала ақыл-ойының дамуына арналған, соның ішінде математикалық, зияткерлік-танымдық белсенділігін дамытуда ең маңызды деген әдістерді бір қалыпқа келтіріп, қалыптастыру мектеп жасына дейінгі білім беру барысында әр педагогтың кәсіби шеберлігіне байланысты деп ойлаймын. Венгер психологы, әрі математигі Золтан Дьенеш ойлап тапқан логикалық блоктар – баланың кіші жастан бастап зияткерлік-танымдық белсенділігін дамыту және оның ойлау қабілеттерін математиканы меңгеруге дайындауда өте тиімді әдістеме болып табылады. Әдістемелік және ғылыми-танымал әдебиеттерде бұл әдістерді әртүрлі атаулармен кездестіруге болады, атап айтсақ: «логикалық пішіндер», «логикалық текшелер», «логикалық блоктар» т.б. Бірақ осы атаулардың әрқайсысында логикалық ойлауды дамыту бағыты айқын берілген. Балаларды блоктар арқылы ойната отырып, оларға нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен қалыңдығын көрсете отырып, ажыратуға үйретуде, қарапайым математикалық ұғымдарды меңгертуде таптырмас құрал. Ол балалардың ойлау әрекеттерін, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін және зияткерлік-танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Дьенештың блоктарымен ойнай отырып, бала әртүрлі заттық әрекеттер жасайды. Дьенештың блоктары үш жастан асқан балаларға арналған.

Дьенештың логикалық блоктары 48 геометриялық фигуралардан тұрады:

Төрт пішінді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш);

Үш түсті (қызыл, көк және сары);

Екі көлемді (үлкен және кішкентай);

Қалыңдығының екі түрі болады (қалың, жұқа).

Жинақта бірдей бір де бір фигура кездеспейді. Әрбір геометриялық фигура төрт ерекшелігімен беріледі: пішіні, түсі, көлемі, жуандығы.

Логикалық блоктармен әртүрлі әрекеттер жасау барысында (бөлу, белгілі ережеге сәйкес орналастыру, қайта құру және т.б.) балалар алғашқы математикалық ұғымдарды қалыптастыруда маңызды болып табылатын әртүрлі ойлау қабілеттерін меңгере бастайды. Олардың қатарына сараптама жасау, салыстыру, топтау, жалпылау, жасыру-ашу, сонымен қатар «жоқ», «және», «емес» сынды логикалық операцияларды жасай білу қабілетін игере отырып, осы логикалық блоктардың көмегімен балалар назарға алу, есте сақтау, қабылдау сияқты әрекеттерге жаттығады.

Блоктарды пайдалану арқылы ойындар мен жаттығулар бастамас бұрын, ең алдымен балаларды блоктармен таныстыру керек. Баланың алдына блоктарды жайып салып, олармен қалағанынша ойнауға, ұстап көруге, араластыруға мүмкіндік беру керек. Кейіннен мына тапсырмаларды ұсынуға болады:

- 1.Түсі, көлемі (жуандығы, пішіні) жағынан осындай фигураны тап.
- 2.Түсі, көлемі (жуандығы, пішіні) жағынан мұндай емес фигураны тап.

3.Көк түсті фигураны тап (үшбұрышты, қызыл, төрт шаршы, үлкен, сары, жіңішке жуан, кішкентай, дөңгелек, тіктөртбұрышты).

4.Мынаның қандай түсті фигура екендігін айтып бер (көлемі, пішіні, жуандығы жағынан).Блоктармен осылайшы танысқаннан кейін ойындар мен жаттығуларға көшуге болады.

«Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» оқу қызметінде логикалық блоктарды үздіксіз пайдалану балалардың зияткерлік-танымдық қабілеттерін дамытуда таптырмас құрал.

Коммуникация білім саласы бойынша «Сөйлеуді дамыту» оқу қызметінде Дьенеш блоктарын пайдаландым деп айта алам. Мысалы: бірнеше бала «Тышқан мен жылан» ертегісіндегі тышқанның жыланнан құтылу мақсатында адамнан қашқан кезінде жүрген жолын салады. Бір бала жол салғанда онда біркелкі пішіндерді қолданбай салуы керек, ал, екінші бала жол салғанда пішіні мен түсі жағынан біркелкі фигуралар болмайтындай етіп салуы керек, үшінші бала пішіні, түсі мен көлемі жағынан біркелкі келмейтіндей етіп, жол салу керек. Мұнда бірінші бала бір ерекшелікті ұстанса, екінші бала екі ерекшелікті ұстанады, яғни бірден пішіні мен түсіне көңіл бөліп отырады, ал үшінші бала бір уақытта үш бірдей ерекшікті ұстанып отырып, жол салады.

Балалардың зияткерлік-танымдық қабілеттерін дамытуда өте қызықты ойындар: «Құмырсқаларға көмектес» ойыны, «Ойлап тап», «Жұбын тап», «Үйлерге адамдарды орналастыр», «Фигураны ойлап тап» және т.б. Шығармашылық білімі мен эстетикалық танымын дамыту мақсатында «Сурет салу» әдісі арқылы логикалық блоктарды қолданып, балаларға бастырып сызу арқылы әртүрлі бейнелерді салдырып отырамын, геометриялық фигуралардан заттар құрастыру балалардың сабақтарын қызықтырақ етеді. Мысалы: аққала, шырша, гүл, машина, қайық, моншақтар тізбегі т.б.

Сөздік ойындар: жұмбақтар, елестету, қиялдарын дамытатын ойындар. Саусақ ойындар: балалардың зияткерлік-танымдық қабілетін, мидың белсенділігін арттырады, ойлауды дамытады, қолдың ұсақ сезгіштігін дамытады. Мұнда екі қолдың да қатысуы керек, бұл балаларға «оң, сол, жоғары, төмен» дегенді бағыттауға мүмкіндік береді. Егер бала қандай да саусақ ойынын меңгерген болса, ол тақпақтар мен әндерге басқа көріністер ойлап табуға тырысады.

Осылайша баланың математикадан алған білімі бірлескен әрекетте нығая түседі, осыдан кейін өз бетінше әрекет етуге көшеді.

Қорыта айтқанда, өз тәжірибемде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда логикалық блоктарды ойын материалы ретінде қолдану тиімділігін көрсетті. Балалардың ойлау қабілеттерінің дамығаны байқалады: ақпаратты салыстыру, сараптау, жалпылау, талдау, жіктеу операциялары қиындық туғызбайды. Қабылдау, есте сақтау, назарға алу, елестетудің танымдық үрдістері, шығармашылық қабілеттері дамыды. Тәрбиеленушілердің өз бетінше әрекеттегі белсенділік деңгейі жоғарылады. Тобымдағы балалар заттарды өз қасиеттеріне қарай жіктей алады, заттарды өлшемі бойынша салыстыра алады, логикалық байланыстарды жақсы құра алады.

3.Дьенеш блоктарың жүйелі пайдалану арқылы, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік- танымдық қабілеттерін дамытуға болады.

**«Нұрай» мектепке дейінгі шағын
орталығы» жеке мекемесі**

Баяндама

Тақырыбы: «Қоршаған ортамен танысу»

Шымкент қ 2023

Қоршаған ортамен танысу

Қоршаған ортамен танысу арқылы балалар өзінің аты жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты- жөндерін тани бастайды.

Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б айырмашылықтарын ажырата бастайды.

Сонымен қатар әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда?, кімде?, қандай?, кім? не істейді? сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді. Балалар әсіресе ұлдар жағы көлік түрлерін, яғни ұшақ, поезд, жеңіл, жүк машина және әртүрлі көліктер түрлерінің міндеттерін жақсы біледі. Балалар бос уақытында жүк машинасымен ойнағанды жақсы көреді.

Қоршаған орта мен тәрбие жұмыстарының түрлері:
Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала- қоршаған ортаны кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтанда серуен арқылы бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Серуен: тәрбиешенің көмегімен атқаралатын іс- әрекет. Серуен барысында балалардың табиғатқа қызығушылықтарын арттыра отырып бақылау жұмыстарын өткізу. Балалардың танымдық күзіреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі тәрбиешенің қолданатын әдіс – тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты болып келеді.

Баланың жан – жақты дамуы, оның қоршаған ортамен белсенді қарым – қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда

«Сезіну- танып білу- жүзеге асыру» - осы үш бағытта жұмысты ұйымдатыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс – тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор. Табиғи нысанды қабылдау, зерттеу баланы шаршатпауы тиіс. Бала бақылауды жақсы көңіл – күймен бастап , сондай жақсы әсермен аяқталуы тиіс.

Серуен барысында тек бақылап қана қоймай, еңбек шараларын қатар жүргізіп отыруы керек. Серуенде ағаштарды гүлдер мен шөптерді ажыратуға, оларға қамқорлықпен қарауға көңіл аудару керек.Еңбек барысында – ойын әрекеті арқылы балалардың қызығушылықтарын дамыту қажет . Бала серуен барысында (еңбек бақылау, ойын ,) – әрекеттері арқылы , не үйренді – неге қызығушылықтарының артқанын сұрай отырып, қорытынды жасау.

Бақылауға дайындық жне оны ұйымдастыру. Сонымен аталған талаптарға ай бақылауды өткізу тәрбиешінің арнайы дайындығы болған жағдайда жүзеге асады. Дайындық келесі жұмыстардан тұрады:

- Бақылау мазмұны және ұйымдастыру.
- Бақылауды өткізу орны және уақыты.
- Бақылаудың әр бөлімінде падаланатын әдіс – тәсілдер болады.
- Бақылау барысында шешілетін міндеттердің де маңызы зор.
- Балаларды қоршаған ортамен жетік таныстыру.

Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, тәрбиешілермен ересектермен қарым – қатынас кезінде танып біледі. Сондай – ақ 3-4 жастағы балалар заттарды түсіне түріне, көлеміне қарап ажырата бастап олардың құрылысын пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін талаптанады және тілі дами түседі.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл – ой еңбегінің шұғылданудағы ниетін, ықыласын, сипаттайды.

Тәрбиеші - педагог баланы ертеңгі болашағына дұрыс көзқараспен қарай отырып, баланың мінез – құлқын, сана сезімінің, тілінің жетілу дәрежесін, таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, есі, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып дамуын қадағалап, әрі дұрыс бағдар беру керек.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланыста болып табылады. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарапа зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа әрекеттер барысында жүзеге асады. Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, тәрбиешімен, ересектермен қарым – қатынас кезінде танып тіледі.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

АШЫҚ ОҚУ-ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Әмина әжейге қонаққа»
Жүргізген: Ж.Сүлейменова

Шымкент 2023 ж.

Ашық оқу-қызметі

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Білім бөлімі: «Сөйлеуді дамыту»

Тақырыбы: «Әмина әжейге қонаққа»

Мақсаты: Балаларды үй жануарлар және олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, оларды бір-бірінен ажырата және дұрыс атауды үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту, ойын барысында балалардың сөздік қорын дамыту. Жануарлар мен құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Үй жануарларының суреттері, сиырдың сүтінен жасалынған өнімдер, киіз үй және оның жабдықтары.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	«Шаттық шеңбері» Тәрбиеше балаларға ауылдағы Әмина әжеге қонаққа баратынын хабарлайды. -Қане балалар бәріміз бірге паравоз болып тұрып «Ауылым» әнін орындап жолға шығамыз.	-Алақай! Балалар паравоз болып тұрып «Ауылым» әнін орындап жолға шығады.
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Тәрбиешімен бірге келесі бөлмеге кіріп киіз үйде отырған Әмина әжеймен сәлемдеседі. -Қане балалар Әмина әжеймен сәлемдесіндер. Әже: Сәлеметсіңдер ме, балаларым, аман есенбіз, Аллаға шүкір денсаулығым жаксы рахмет. Тәрбиеші: Әмина әже балалар өзіңізді сағынып, сізге қонаққа келуді жөн көрді. Әже: Өте дұрыс жасадыңдар. Менде сендерді сағынып қалдым және маған үй шаруасына көмектесетін болдыңдар. Ұзақ жол жүріп шаршап, қарындарың ашып қалған болар міне дастарханнан дәм ауыз тиіндер. Үйге қандай қонақ келсе де,	Хормен: Сәлеметсіз бе, Әмина әже! Дана: Аман есенсіз бе? Али: Денсаулығыңыз жаксы ма? Балалар дәм ауыз тиіп

	ол қонақ асығыс болсада дастарханнан дәм ауыз тигізу біздің салтымыз. Дастарханда бауырсақ, құрт, сүзбе, май, айран, сүт болады. Әже: Дәмді мекен, ал ел құртты қалай жасайтынын білесіңдер ма? Ал олай болса менің сұрақтарыма жауап берсеңдер құрттың қалай жасалатынын айтып беремін келістікпе? 1.Сүтті бізге не береді? 2.Сүттен қандай тағамдар жасауға болады? 3.Сиыр бізге сүт беру үшін біз не істеуіміз керек? Бәрекелді дұрыс жауап бердіңдер. Ал енді мені мұқият тыңдаңдар. Құрт жасау үшін, үлкен қазанға от тұтатып, түбіне май жағып, сүтті құйып қайнатамыз. Құрт қайнап жатқанда оның түбі күйіп кетпес үшін ожаумен араластырып отырамыз. Әбден қоюланған соң, қапқа құйып, ілгішке асып, қалған суы тағыда ағып, құрғайды да түбінде сүзбесі қалады, яғни сүзбе деген атауы осыдан шыққан. Сосын әбден сүзілген соң, сүзбені ыдысқа салып, тұз қосып құрт пішініне салып домалақтап легендерге орналастырып күн шуағына кептіреміз. Қалай қиын бекен құрт жасау? Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей-дегендей, тынбай еңбек ету керек балалар. Тәрбиеші: Әмина әже әдемі мақал айттыңыз, біздің	құрт қандай дәмді екенін айтады. -Жоқ. -Иә. -Сиыр. -Айран, май, құрт, сүзбе, қаймақ. -Суын, шөбін беру керек. Балалар әжейдің құртты қалай жасайтынын мұқият тыңдап бақылайды. -Иә.
--	---	---

		бар, Айналдыра киген тоны бар. (Қой) б)Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе) в)Жарға шығып ойнайды, Ойынға бір тоймайды. Болса дағы сауалы, Секендейді қоймайды. (Ешкі) г)Қос мүйізді, төрт сирақты, Сыйлайды балдай ақ бұлақ. (Сиыр) 3.Үй жануарларының дауысын тап. (Үнтаспадан жануарлардың дауыстары шығады) 4.Төрт түлік малдың өнімдерінің дәмін татып, қайсысы сүт, айран, қымыз екенін оны қандай жануарлардан алатыны туралы табу керек. Тауықтың астындағы жұмыртқаны алып әжеге береді. Бір бала шығып екі жұмыртқаның біреуін жарып тапсырманы алады. Тапсырма: Кез келген ертегіні сахналап беріңдер. Балалар «Үндемес ит» ертегісін сахналап береді.
	Әже: Жарайсыңдар балалар. Ал енді анау тауықтың астындағы жұмыртқаларды жинап алып келіңдер. Балалар бұл жай жұмыртқа емес сиқырлы жұмыртқалар. Қане алып жарып көріңдерші.	
	Тәрбиеші: Өткен заманда төрт	

	түлік мал бас қосыпты, ішіндегі ең үлкені түйе тұрып былай депті... -Сол кезде түйеден қалыспай жылқы шығып былай депті... Сол кезде одан қалыспай сиыр былай депті... Сол кезде қой шығып былай депті... -Осы төртеуінің даусын тыңдап ит үндемей жатады. Оны түйе байқап былай деп айтады... Ит сонда былай деп жауап қайтарады... Әже: Ит дұрыс айтады, үй жануарлары тату тәтті өмір сүру керек. Керемет көрініс болды. Ал келесі жұмыртқаны жарып тапсырманы орындайық.	Түйе: Менің адам баласына пайдам шаш етектен иілсе көлікпін, сүтімнен шұбат ішеді, жүнімнен түрлі киім тоқиды. Жылқы: Иго-го менде сендерден қалыспаймын. Мінсе көлікпін, сүтімнен қымыз жасайды. Қазы қартам тағы бар. Сиыр: Му, менінде, пайдам бар. Сауса сүтім бұлақтай. Қаймақ, сүт, ірімшік, құрт жасайды сүтімнен. Қой: Мә, менде сендерден қалыспаймын, жүнімнен жемпір, шұлық тоқиды. Сойса семіз етім бар. Түйе: Ей салпақ құлақ неге аузына құм құйылып қалды, ауыз толтырып айтатының көп шығар сенінде. Ит: Ав-ав, мен болмасам сендерді қасқыр жеп кетеді. Сендерді кім күзетеді әрине мен. Түйе, жылқы, қой, сиыр татуласады. Келесі бала шығып екінші жұмыртқан жарады. Тапсырма: Ұлттық ою- өрнектерден қоржын жасаймыз. Оюлардың түрлерін атау.
--	--	--

	Әже: Жарайсыңдар балалар қоржындарың өте әдемі болыпты. Қоржынды неге пайдаланады? Әже: Дұрыс айтасыңдар балалар. Сендер әбден шаршаған сияқтысыңдар қане бір сергіп алайық иә? «Сергіту сәті» Ұлттық ойындар: «Қол күрес» Тәрбиеші: балалар жарайсыңдар, ұлттық ойын ойнап бір сергіп қалған боларсыңдар, менің сендерге қояр сұрағым бар. Сұрақ: 1.Қазір бізде қай жыл мезгілі өтіп жатыр? 2.Қыс мезгілінде неше ай бар? 3.Ал қыс мезгілінен кейін бізде қандай жыл мезгілі болады? Дұрыс айтасыңдар. Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Алдымызда келе жатқан Наурыз айында қандай мерекелер бар? Әже: Дұрыс айтасыңдар балалар. 8-наурызда аналарыңа, әжелеріңе гүл сыйлайсыңдар. Ал 22-наурыз күні бүткіл қазақ елі дастархандарына бауырсақ пісіріп, наурыз көжелерін дайындайды. Наурыз көжеге 7 түрлі тағам қосылады: айран, тұз, су, бидай, жүгері, нохат, бұршақ. Әркім өз қалауынша	-Қоржынды жолға шыққанда сөмкенің орнына пайдалануға болады. Ат қоржын, түйе қоржын деп атайды. Балалар ұлттық ойынды ойнайды. -Қыс мезгілі. -Үш ай: желтоқсан, қаңтар, ақпан. -Көктем. 8-наурыз халықаралық қыз келіншектер күні. Ұлыстың ұлы күні 22-наурыз мерекесі.
--	--	--

	дайындайды екен. Енді сендерге осы наурыз көжесін қалай дайындау керектігін айтамын ал сендер дайындайсындар. Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнады ма? Сағыныштарыңды басқан болсаңдар балабақшамызға ораламыз. Әмина әже сізге үлкен рахмет! Енді біз жолға шығайық, батаңызды беріңіз. Әже: Ел іргесі берік, бейбіт заман, жастарымыз аман болсын. Әмин!	Ортаға қыздар шығып қолдарын сулы майлықпен сүртіп рет ретімен салып Наурыз көжесін дайындайды. -Иә! -Әмин!
Жетекші- жөндеуші	Тәрбиеші: Ал балалар Әмина әжеге келіп көп нәрсені біліп, үйрендік иә? -Сонымен үй жануарлары бізге не береді екен? -Сүтінен не аламыз? -Ал жүнінен не жасаймыз? -Қандай ұлттық ойын түрлерін ойнадыңдар? -Наурыз көжесін неше тағамнан жасайды екен? Бәрекелді олай болса қане паравоз болып тұрамыз балабақшамызға ораламыз. Әмина әжемен қоштасамыз.	-Иә. -Сүтін, етін, жүнін. -Айран, құрт, ірімшік, қаймақ, сүзбе. -Киімдер тоқуға болады. -Қол күрес және сақина салмау. -7 түрлі. -Сау болыңыз Әмина әже!

Күтілетін нәтижелер:

Білуі қажет: Ауылдан табиғи өнімдердің алынатынын (айран, сүт, ірімшік, құрт т.б.)

Қалыптасқан түсініктер: Сұрақтарға нақты жауап беру.

Орындаушылық қабілет: Тапсырмаларды тез әрі ұқыпты орындайды.

Әдіскер:

Бекбауова Ұ.А.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын-орталық» жеке мекемесі

АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

«Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобы
Тақырыбы: «Біз не үйрендік, не білдік?»
Жүргізген: А.Оңжігітова

Шымкент 2023 ж.

Қорытынды оқу-қызметінің технологиялық картасы

31.05.2023ж

Білім беру салалары: «Әлеумет», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық».

Білім бөлімдері: Қоршаған ортамен таныстыру, Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту, Сурет, Мүсіндеу, Аппликация.

Тақырыбы: «Біз не үйреніп, не білдік?»

Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерін тиянақтау, сандарды санау, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, жыл мезгілдері туралы алған білімдерін тиянақтау. Балалардың бойында жанашырлық, қамқорлық қасиеттерін тәрбиелеу. Жыл бойы өткен оқу-қызметтерін қайталау.

Көрнекілігі: кейіпкерлер отрибуттары, сандар, пішіндер. Әр түрлі дидактикалық ойындардың суреттері.

Әдіс-тәсілі: Әңгімелесу, сұрақ жауап, түсіндіру, көрсету, сахналау, ойындар.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері: Психологиялық дайындық: «Ақ тілек» -Көңіл-күйлерің қалай? -Оқу-қызметіне дайынсыңдар ма? -Ендеше бастайық. Балалар біз бүгін екі топқа бөлініп, жарысамыз.	Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Көк аспанда күн күлсін, Бірге жүрсін бұлдіршін. Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, қонақтар! Керемет (қолдарын көтеру) Иә (шапалақ) О-о-о (бас бармақ көрсету)
Ұйымдастырушы- ізденушілік	1-топ: «Күн» 2-топ: «Ай» Екі топ өздерін таныстырады. Дидактикалық ойын: «Жыл ағашы» Көктемде егілген ағашты «Жыл ағашы» дейді. Түзу сызық (1 жыл дегенді білдіреді) Ағаштың нелері болады? Неше жыл мезгіл бар? Бұтақтар (мезгіл) Ірі бұтақтардан бөлек тағы нелері болады? Кіші бұтақтар (айлар) Әр жыл мезгілінде неше айдан? Бұтақтардан басқа нелері болады? Жапырақтар (апталар) Әр айда неше аптадан? Балалар, «Жыл ағашы» ойыны арқылы біз жыл мезгілдерінің нешеу	Күн-Жарқыраған күндей, білімді бар ма біздей! Ай-Айға бізді теңеңіз, сайстарда жеңеміз! Бұтақтары 4 мезгіл бар Кіші бұтақтар. 3 айдан Жапырақтары 4-5 аптадын

	екенін, айлары, апталары қанша екенін білдік. Ал мен енді сұрақтар қоямын. Сұрақтарға дұрыс жап берген топқа жұлдызша береміз. Неше жыл мезгілі бар? Оларды атаңдар. Әр жыл мезгілінде неше айдан және атап беріңдер. 1 аптада неше күн бар? Атап беріңдер. Бүгін аптаның қай күні? Қазір жылдың қай мезгілі? Қай айы? 1-Тапсырма: (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Жыл мезгілдері қандай сыйлықтар сыйлады? Күз мезгілі: Қыс мезгілі: Көктем мезгілі: Жаз мезгілі: Ал, енді осы жыл мезгілдеріне арналған тақпақтарың болса айтып беріңдер.	4 жыл мезгілі бар. Күз, қыс, көктем, жаз. 3 айдан, күз-қыркүйек, қазан, қараша. Қыс-желтоқсан, қаңтар, ақпан. Көктем-наурыз, сәуір, мамыр. Жаз-маусым, шілде, тамыз. 7 күн-Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. 3-ші күн, сәрсенбі. Көктем мезгілі. Мамыр айы. Күз мезгілі-жеміс-жидегін, көкөнісін сыйлады. Қыс мезгілі-сырғанағын, шанасын, шаңғысын, аппақ қарын сыйлады. Көктем мезгілі- шуақты күндерін, әдемі гүлдерін сыйлады. Жаз мезгілі- ыстық күнін, жылы суын, құмын сыйлады. Маржан: (күз) Алма пісіп, алмұрт түсіп, Күзде бақтар жайнайды. Құстар қайтып, қош айтысып, Қимас үнмен сайрайды. Айлин: (қыс) Аппақ күміс бар әлем, Зымыраймыз шанамен, Тоғайлар тон киеді, Аяз беттен сүйеді. Жиналып бар бала Тұрғызамыз аққала. Ханшайым: (көктем) Қар еріді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті
--	--	--

		Түкті кілем сияқты. Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді. Раяна: (жаз) Жазды күні шілдеде, Жеміс пісіп толады. Қызыл, жасыл гүлдерге, Көбелектер қонады.
	2-Тапсырма: (қарапайым математика) а) 1-10-ға дейінгі сандарды тура және кері қою. (Күн-тобы тура, Ай-тобы кері) ә) 1-10-ға дейінгі сандардан есеп шығару б) Екі түлкіде неше құйрық бар? Екі қоянда неше құлақ бар? Екі аюда неше көз бар? Үш қасқырда неше бас бар? в) Енді мына суреттерде нүктелер берілген. Сендер сол нүктелерді жалғасандар, геометриялық пішіндер шығады. Соны бәріміз кәне орындайық. Енді кім айтады, осы геометриялық денелер неге ұқсайды? г) Мына суретке қарап, қай жерінде не орналасқанын айтып беріңдер? ғ) Балалар 1-10-ға дейінгі сандарға арналған есептер шығарамыз. Сандарға байланысты кім тақпақ айтып береді?	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 10,9,8,7,6, 5,4,3,2,1 2 4 4 3 Үшбұрыш-үйдің шатырына, киіз үйге, пирамидаға. Төртбұрыш-тақтаға, терезеге, үстелге, шкафқа. Дөңгелек-қарбыз, күнге, құламайтын қуыршаққа. Шаршы-кубикке, орамалға. Сопакша-шарға, тәрелкеге. Жоғары, оң жағында- жұлдыздар (үлкен, орташа, кішкентай) Төмені, сол жағында- ағаштар (биік, аласа) Оң жағы, төменінде- саңырауқұлақтар (жуан, жінішке) мен жолдар (кең, тар) Сол жағы, жоғарыда- бұлттар. Дастан: Жіңішке жалғыз таяқша- Бір саны ол айрықша. Нұрила: Екі саны байыпты, Аққуға ұқсап қалыпты. Ұзын мойын, құйрықты, Қаздып қатар қойыпты. Дамир: Екіліктен кейін

		қарандар, Үш саны шықты, жарандар Үшінші орын тұрағы, Үш ілмекті қосып тұрады. Амир: Сүйір шынтақ шығарып, Төрт түр алға үшті алып. Әдемі: Басталады саусағым бас бармақтан, Балан үйрек келеді санағанда. Ортан терек, бейлігі, тұрып қалған Шылдыр шүмек келеді кезегім деп Кішкентай бөбек таласпай болған екен.
	Сергіту сәті: 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. 3-Тапсырма: (көркем әдебиет, сауат ашу) Балалар мен сендерге жұмбақтар жасырғым келіп тұр. а)Енді ол «Қызыл кітапқа» Көктемде гүл жарады, Одан шығыс елдері табиғи бояу алады. ә)Айбарлы сұсы бар, Қанжардай тісі бар. Тұла бойында тасыған күші бар, Күжірейген жалды, Білсең айт бұл аңды. б)Ерте тұрады, Жар шақырады. в)Пырылдар көкте инелік, Инелік емес үй делік. г)Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. ғ) «Мәреге жету» ойыны Жолдағы әріптерге көлікте берілген әріпті қосып оқып кетеді де мәреге жетеді. А-на-та-с-па-ла-ра-қ-ға-са Са-на-ла-ра-ға-л-н-ба-ғат-бақ Екі бала осы тапсырманы орындап жатқанда қалған балалар екі-	Бәйшешек Арыстан Қораз Тік ұшақ Көбелек

	екеуден шығып, құмға өз аттарының бас әріптерін жазады. д)Екі әріпті қосып оқу Екі топ кезек-кезек екі әріптен құралған сөздерді оқиды. 4-Тапсырма:(шығармашылық) Өз аттары басталатын әріптерді алып, жапсырып, жан-жағын безендіреді, түрлі гүл, жапырақ, шөптермен.	Жұмыс жасайды
Жетекші- жөндеуші	Балалар бүгін біз жыл бойы өткен оқу-қызметтерімізді қайталап шықтық. Енді қорыта келе ойын ойнап қорытайық. Дидактикалық ойын: «Жалғасын тап» Жансыз табиғат- Жанды табиғат- Үй жануарлары- Үй құстары- Жәндіктер- Дала гүлдері- Балалар бүгінгі оқу-қызметінен сендерге не ұнады?	су, ауа, күн, тас. адам, өсімдік, жануарлар. түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. әтеш, тауық, қаз, үйрек. көбелек, қанқыз, қоңыз, инелік, құрт. бақбақ, түймедақ, қызғалдақ. Балалар, өз ойларын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жыл мезгілдерін, 1-ден 10-ға дейінгі сандарды пайдаланып есептер шығару, геометриялық пішіндерді, бағдарлауды, әріптерді, 2 әріпті қосып оқуды.

Игереді: тақпақ айтуды, жұмбақ шешуді, әңгімелеуді.

Меңгереді: Түрлі заттармен жұмыс жасауды, сұрақтарға толық жауап беруді.

Әдіскер:



Ұ.А.Бекбаева

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

АШЫҚ ОҚУ-ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Үй және жабайы жануарлардың тіршілігі»

Жүргізгендер: М.Альжанова

Н.Онгарбаева

Шымкент 2023 ж.

Ашық оқу-қызметі

23.11.2023ж.

Білім беру саласы: Қатынас, Әлумет, Шығармашылық**Білім беру саласы:** Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Қоршаған ортамен танысу, Жапсыру**Тақырыбы:** «Үй және жабайы жануарлардың тіршілігі»**Мақсаты:** Үй және жабайы жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру, ажырата білуге үйрету. Негізгі топтарымен таныстыру. Қоршаған ортаны сүйеге, мейірімділікке тәрбиелеу.**Көрнекілік:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың үлгі суреттері. Дидактикалық ойындардың материалдары

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері: Сәлемдесу	Армысың, аспан ана, Армысың, жер ана. Армысың, жаңа күн, Армысың, достарым. Саламатсыздар ма, қонақтар!
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Назерке: Балалар оқу-қызметімізді бастамас бұрын жыл мезгілдеріне тоқталсақ. Сұрақ-жауап: Бір жылда неше жыл мезгілі бар? Атап өтейік Қазір бізде қай жыл мезгілі? Күз мезгілінің белгілерін атайықшы.	-4 жыл мезгілі -Күз, қыс, көктем, жаз -Күз -Күн суытады, жаңбыр жауады, адамдар жылы киінеді, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, жемістер мен көкөністер піседі.

	Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгіліне арналған тақпағымызды айтайық. Апта күндерін атаймыз. Мейрамкүл: Жарайсыңдар балалар! Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Шарты: Қапшықтың ішіне салынған үй және жабайы жануарларды қолмен ұстап атау. Балалар, адамдардың көмегімен өмір сүретін жануарларды қалай атаймыз? Ал, орманда өз беттерімен тамақ тауып, өздерін қорғайтын жануарларды қалай атаймыз? Бүгінгі оқу-қызметімізде үй және жабайы жануарлар туралы айтатын боламыз. Қызықты сәт: Қонаққа жылқы мен қоян келеді. Екеуі таласып кіреді мен үй жануары жоқ мен деп. Саламатсыңдар ма жылқы мен қоян. Сендер неге таласып жатырсыңдар ? Қазір біздің балалар	-3 ай Қыркүйек, қазан, қараша Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық ау. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Балалар шығып ұстаған жануарын не екенін атап береді. Үй жануарлары Жабайы жануарлар
--	--	---

	қайсысың үй жануары екенін айтып береді. Балалар жылқы қандай жануар? Ал, қоян қандай жануар? Көрдiңдерме қонақтар бiздiң балалар қандай ақылды. Олай болса жылқы , қоян сендер бiздiң балаларымыздың тапсырмаларды қалай орындайтынын көрiңдер. Ойын: «Жануарларды ата» Сергіту сәті: Әуенмен Назерке: Жарайсындар балалар. Сендер жануарларды жақсы біледі екенсіңдер. Енді, жұмбақ жасырам, ал, сендер шешіңдер. Жұмбақтар: Қандай жануар қыста ұйқыға кетеді? Суреттен аюды көрсетіп, айтыңдаршы аю қандай? Аю не жейді? Жолбарыстан аумайды, Төріңе келіп аунайды. Балалар, айтыңдаршы	Үй жануары Жабайы жануар Сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы, мысық, ит Аю, қасқыр, қоян, түлкі Балалар қимыл-қозғалыспен көрсетеді. Аю Маймақ, үлкен, күшті, қоңыр Бал, балық, жидек жиді. Мысық
--	--	---

	мысық жабайы ма, жоқ үй жануары ма?	Үй жануары
	Жүнім желкілдеген, Құйрығым ұлпілдеген. Сияқтымын жалын, Жаңғақ құмар жаным.	Тиін
	Тиінның суретін көрсетіп. Тиінның ұлпілдек құйрығына назар салыңдаршы. Ол тиіннің секіріп жүруіне көмектеседі. Тиін немен қоректенеді?	Жаңғақпен, шишкамен, саңырауқұлақпен
	Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар, Сегіз тұяғы бар Иегінде сақалы бар	Ешкі
	Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айқай шу.	Түлкі
	Түлкінің суретін көрсетіп. Түлкіге құйрығы аңшылардан, иттерден іздерін сыпырып жасыру үшін керек. Ол өте қу. Балалар, сендер қу түлкі туралы қандай ертегілерді білесіңдер?	«Бауырсақ», «Қасқыр мен түлкі», «Түлкі мен тырна».
	Адамға серік, Күзетке берік.	Ит
	Қыста ақ, жазда сұр Ол не?	Қоян

	Қоян қандай? Қоянның ақ терісі оған қыста... жауынан жасырынуына көмектеседі. Қоян нені жақсы көреді? Балалар үй жануарлары бізге не береді? Сүттен не жасаймыз? Жүннен не жасаймыз? Еттен не жасаймыз? Мейрамкүл: Дидактикалық ойын: «Жануарлардың төлдерін ата» Шарты: Балалар жануарлардың төлдерін енелерінің қасына қоюлары керек. Оларды атап, үй немесе жабайы жануар екенін табулары керек. Сергіту сәті: Көлбең-көлбең, көлеңкем, Аю қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Аю былай жүреді, Аю былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Қоян қалай жүреді?	Кішкентай, қорқақ, жүні үлпілдек ақ және сұр болады. Сәбізді, қырыққабатты, ағаштың қабығын. Сүтін, жүнін, етін береді. Ботқа, айран, құрт, май жасаймыз. Қолғап, наски, алаша, киімдер тоқимыз. Тамақтар, шұжық, қазы жасаймыз. Балалар төлдерді енелеріне қосып үй немесе жабайы жануар екенін айтады.
--	--	---

	Кім көрсете біледі? Қоян былай жүреді, Қоян былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Қасқыр қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Қасқыр былай жүреді, Қасқыр былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Түлкі қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Түлкі былай жүреді, Түлкі былай жүреді. Назерке: Балалар кім енді үй және жабайы жануарлар туралы тақпақтар айтады.	Балалар қимыл- қозалыспен айтып жасайды. Айдар: Күшігім өсіп ит болды, Түнде тынбай үреді. Адал досым қасымнан Қалмай бірге жүреді. А. Аяла: Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Қаша берсең орманға, Қорқағым деп ат қоям. Сұлтанхан: Құлыншағым құндызым, Құлдырайды шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. Көркем: Шөре-шөре лағым,
--	---	---

		Тентек болма шырағым. Секектеме демінді ал, Селтеңдемей құлағың. Бекбол: Қасқыр орманда жорытады, Аяздан ол қорқады. Аспанға қарап ұлиды Ауылда малды ториды. Айназ: Айналайын ботам Қандай күлте жотаң. Табандарың жалпақ, Теріп жейсің жантақ. Айшуақ: Түлкі деген қу ғой, Жүрген жері шу ғой Жатып алып жағада Іздегені ду ғой. Ахмет: Жылқы деген бір мал бар, Ер жігіттің қанаты. Ту көтерер тұлпар бар, Батырлардың санаты.
	Дидактикалық ойын: «Өз корегінді тап» Шарты: Ортаға балалар шығып, беттеріне жануарлардың бетпердесін тағып. Әр жануар өзінің	Балалар әр жануардың қорегін табады.

	сүйікті тағамын тауып алу керек. Дидактикалық ойын: «Қай жануар қайда тұрады?» Шарты: Балалар үй жануарларын үйдің қасына, жабайы жануарларды орманға орналастырады. Дидактикалық ойын: «Жануарлардың жарты бөлігін тап» Шарты: Жануарлардың жарты бөлігі бар келесі бөлігін табулары керек. Мейрамкүл: Балалар енді шығармашылық бойынша жұмыс жасайық. 1-орталық: Ақ қоянның ақ мамық жүнін жапсырамыз. 2-орталық: Қойдың үстіне бұйра жүндерін жапсыру.	Балалар магнит жануарларды мекендеріне орналастырады. Балалар жарты бөлігін тауып жапсырады. Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды.
Жетекші- жөндеуші	Қорытынды: Жануарлар нешеге бөлінеді? Үй жануарларына кім қамқорлық жасайды? Жабайы жануарларға ша? Сөздік ойын: Ең айлакер аң... Аң патшасы... Мысыққа ұқсайтын аң... Ең ұзын мойын...	2-ге үй және жабайы жануарлар. Адамдар Өз беттерінше өмір сүреді. Түлкі Арыстан Жолбарыс Керік

	Ауыл маңын ториды... Үстінде тікені бар...	Қасқыр Кірпі
--	---	-----------------

Күтілетін нәтижелер:

Білу: Жабайы аңдар, олардың тіршілігі туралы білу керек.

Игеру: Үй жануарларынан айырмашылығы туралы түсініктерді игереді.

Меңгеру: Суретпен жұмыс жасау арқылы өз ойын айта білуді меңгереді.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

АШЫҚ ОҚУ-ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Математика әлемінің қызықтары»
Жүргізген: А.Оңжігітова

Шымкент 2023 ж.

Ашық оқу қызметі

22.11.2023ж

Білім беру саласы: «Таным»

Білім бөлімі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Математика әлемінің қызықтары»

Мақсаты: Сандарды ретімен атау, екі топтағы заттарды бір-бірімен салыстыру.

Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші, көп-аз, ұзын-қысқа) салыстыру.

Геометриялық пішіндерді тану (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш),

геометриялық пішіндерден әр түрлі зат құрастыруға болатынын түсіндіру.

Көрнекілігі: Тапсырмаларға сәйкес суреттер, геометриялық пішіндер, тәулік бөліктерінің суреттері, мазайка, сандар, ертегі атрибуттары.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ жауап, түсіндіру, көрсету, жеке тапсырмалар орындау.

Билингвальді компонент: бір-один, екі-два, үш-три, төрт-четыре, бес-пять.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Ұйымдастырушы-қозғаушы	Шаттық шеңбері: -Алақанды ашайық, Күн нұрын салайық Жүрек жылуын салайық. Жиналған жылы шуақтарды, Қонақтарға шашайық. Бір жылда неше мезгіл бар? Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар, қандай? Қазір қай ай? Күз туралы кім тақпақ айтып береді? Бір аптада неше күн бар, атап беріңдер. Қымбатты балалар, қандай ертегі білесіңдер?	Қимыл қозғалыс жасай отырып, айтады. 4 мезгіл бар. Күз мезгілі. 3 ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша. Қараша айы. Әмір: Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, керемет, Қандай әсем күз. Аяла: Айнала сары-ала, Қырманға дән тола. Жемістер пісіпті, Қамбаға түсіпті. 7 күн бар. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі «Маша мен аю», «Түлкі мен ешкі»,

		«Қасқыр мен қоян»
Ұйымдастырушы-ізденуші	Олай болса, Маша мен аю ертегісінің қойылымын тамашалаймыз! Ерте, ерте, ертеде бір әсем сарайда Маша атты бір ерке қыз өмір сүріпті, оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты. Жалғыз тұрып іші пысқан. Маша (Мәриям) былай деп армандайды: О, шіркін? Менің мынадай сарайымда көп достарым болса ғой! Мен олармен бірге есеп шығарып, ойнап көңіл көтерер едім. Осы кезде біреу есік қағады. Мәриям: Мен Машамын. Сен кімсің? Мәриям: А солай ма, мен білмеппін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында. 1-ден 10-ға дейін санап бер. Мына сандардың ішінен 1-ді тауып бер. Мәриям: Жарайсың! Кіре ғой сарайға. Бір кезде қасқыр келеді. Мәриям: Мен Машамын, сен кімсің?	Аю(Әділет): Кім бар мына әсем сарайда? Рұқсат болса кірейін. Мен аюмын. Мен сенімен дос болуға келдім және де менде саған әкелген сыйлығым бар. Мен үшбұрыш ала келдім, сені таныстырайын, оның 3 бұрышы, 3 қабырғасы, 3 төбесі бар. Ол тура сенің үйіңнің төбесіне ұқсайды. Әділет: 1-ден 10-ға дейін санап, 1-ді тауып береді. Қасқыр(Маржан): бұл сарайда кім тұрады? Мен қасқырмын. Мен сенімен дос болғым келеді, саған әкелген сыйлығым бар. Менің қолымдағы төртбұрыш, оның 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар. Ол теледидарға

	санын тауып бер. Мәриям: Дұрыс, кіре ғой. Қане, балалар, Машаның достарын ортамызға қосып алып, бір сергіп алайық. Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста. Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қарады. Үшбұрыш сыз ауада, Сол қол босқа тұрмасын. Шеңбер жасап тынбасын. Балалар, біз нешеге дейін санай білеміз? Олай болса саусақпен санап берейік. Бес кәмпитім көп еді, Сараңдығым жоқ еді. Бір кәмпитім атаға. Бір кәмпитім әжеге, Бір кәмпитім анама, Бір кәмпитім әкеме. Өзімеде жете ме? Ал, енді балалар мен сендерге логикалық сұрақтар қоямын. Айгүлдің мамасы дүкеннен екі төртбұрышты доп сатып әкелді. Оның біреуін бөпесіне берді. Нешеуі қалды? Ағашқа бес торғай қонды, оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? Аспанда қанша жұлдыз бар? Сиырда қанша мүйіз бар? Жылқының қанша құйрығы бар? Жарайсындар, балалар, енді ойын ойнайық. Ойын: «Жол сал» Педагог үстелдің бетіндегі 2, 3, 4-тен топтастырылған заттарды санатады. Мысалы: 1-ші алма, 2-ші алма, 3-ші	4 санын табады. Қимыл-қозғалыс жасап, айтады. 10-ға дейін санай аламыз. Иә, жетеді. Төртбұрышты доп болмайды. 3 торғай қалды. Көп 2 мүйіз бар. 1 құйрығы бар. Сандар мен сандарды қосады. Балалар заттың атауы мен санын сәйкестендіре отырып санайды.
--	---	--

	алма, 4-ші алма. Дұрыс, балалар. Балалар, мен айтқан сөйлемдерді аяқтап беріндерші. Біз түнде ұйықтаймыз, ал жаттығуды...жасаймыз. Таңғы асты таңертең, ал түскі асты...ішеміз. Түскі асты күндіз ішеміз, ал кешкі асты... ішеміз. Кешке тамақ ішеміз, ал...ұйықтаймыз. Енді тәулік бөліктерін рет-ретімен атап беріндерші. Сергіту сәті: Санауды біз білеміз, Сандарды да білеміз, Сондықтан да ағаштың Алмаларын санап береміз, 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. Бірден санап шеш! Ағашта неше алма бар? Неше алма түсіп қалған? Қайсысы артық, қайсысы кем? Эстафеталық ойындар: Ойын: «Бірінші кім?» Бұл тапсырманы орындау үшін ұзындықтары әртүрлі екі лента қажет болады (1метр және 1,5 метр) Педагог екі баланы тақтаға шақырып алып, оларға бір-бір лентадан ұстатады және лентаны қолдарына орауын сұрайды. Бір баланың қолындағы лентаның қысқа, екіншісінің қолындағының ұзын екендігін еске салады. Лентаның бірі неліктен тез оралды? Педагог балаларға бүгін немен айналысатынын түсіндіреді. Бүгін бізде ашық оқу-қызметі болып жатыр. Сендер тапсырмалар орындап жатырсыңдар. Ал, сендер кеше не істедіңдер?	таңертең күндіз кешке түнде Таңертең, күндіз, кеш, түн. 8 алма бар 2 алма түсіп қалған. Ағаштағы алма артық, ал жерге түскені ағаштағыдан кем. Қысқа болғандықтан. Сурет салдық,
--	---	--

	Ертең не істейсіңдер?	ойнадық, серуендедік, теледидар қарадық. Балабақшаға келеміз, қонаққа барамыз.
Жетекші - жөндеуші	Қорытынды: Кеңістікті бағдарлау. Ақ жапсырғыштың бетіне жоғарғы сол жағына күн, төменгі оң жағына шырша, төменгі сол жағына қой, жоғарғы оң жағына бұлт, ортасына киіз үй жапсырамыз. Балалар, енді екі топқа бөлініп жұмыс жасаймыз. Бірінші топ: геометриялық пішіндердің қиындыларынан әр түрлі заттар құрастырады, ал екінші топ мазайка мен резинаны пайдалану арқылы әр түрлі заттар құрастырады. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау саламат болайық!	Балалар кезек-кезек шығып орындайды. Әр бала жеке-жеке жұмыс жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Заттармен сандарды сәйкестендіре алады.

Игереді: 1-ден 10-ға дейін санайды, таныс заттарды көлеміне қарай салыстырады, оларды сол белгілері бойынша біріктіреді.

Меңгереді: Геометриялық пішіндердің көлемі жағынан әртүрлі болатынын.

Әдіскер:

Ұ:А:Бекбауова

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

АШЫҚ ОҚУ-ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Үй және жабайы жануарлардың тіршілігі»

Жүргізгендер: М.Альжанова

Н.Онгарбаева

Шымкент 2023 ж.

Ашық оқу-қызметі

23.11.2023ж.

Білім беру саласы: Қатынас, Әлумет, Шығармашылық

Білім беру саласы: Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Қоршаған ортамен танысу, Жапсыру

Тақырыбы: «Үй және жабайы жануарлардың тіршілігі»

Мақсаты: Үй және жабайы жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру, ажырата білуге үйрету. Негізгі топтарымен таныстыру. Қоршаған ортаны сүйуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың үлгі суреттері. Дидактикалық ойындардың материалдары

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері: Сәлемдесу	Армысың, аспан ана, Армысың, жер ана. Армысың, жаңа күн, Армысың, достарым. Саламатсыздар ма, қонақтар!
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Назерке: Балалар оқу-қызметімізді бастамас бұрын жыл мезгілдеріне тоқталсақ. Сұрақ-жауап: Бір жылда неше жыл мезгілі бар? Атап өтейік Қазір бізде қай жыл мезгілі? Күз мезгілінің белгілерін атайықшы.	-4 жыл мезгілі -Күз, қыс, көктем, жаз -Күз -Күн суытады, жаңбыр жауады, адамдар жылы киінеді, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, жемістер мен көкөністер піседі.

	Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгіліне арналған тақпағымызды айтайық. Апта күндерін атаймыз. Мейрамкүл: Жарайсыңдар балалар! Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Шарты: Қапшықтың ішіне салынған үй және жабайы жануарларды қолмен ұстап атау. Балалар, адамдардың көмегімен өмір сүретін жануарларды қалай атаймыз? Ал, орманда өз беттерімен тамақ тауып, өздерін қорғайтын жануарларды қалай атаймыз? Бүгінгі оқу-қызметімізде үй және жабайы жануарлар туралы айтатын боламыз. Қызықты сәт: Қонаққа жылқы мен қоян келеді. Екеуі таласып кіреді мен үй жануары жоқ мен деп. Саламатсыңдар ма жылқы мен қоян. Сендер неге таласып жатырсыңдар ? Қазір біздің балалар	-3 ай Қыркүйек, қазан, қараша Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық ау. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Балалар шығып ұстаған жануарын не екенін атап береді. Үй жануарлары Жабайы жануарлар
--	--	---

	қайсысың үй жануары екенін айтып береді. Балалар жылқы қандай жануар? Ал, қоян қандай жануар? Көрдіндерме қонақтар біздің балалар қандай ақылды. Олай болса жылқы, қоян сендер біздің балаларымыздың тапсырмаларды қалай орындайтынын көріңдер. Ойын: «Жануарларды ата» Сергіту сәті: Әуенмен Назерке: Жарайсындар балалар. Сендер жануарларды жақсы біледі екенсіңдер. Енді, жұмбақ жасырам, ал, сендер шешіндер. Жұмбақтар: Қандай жануар қыста ұйқыға кетеді? Суреттен аюды көрсетіп, айтыңдаршы аю қандай? Аю не жейді? Жолбарыстан аумайды, Төріңе келіп аунайды. Балалар, айтыңдаршы	Үй жануары Жабайы жануар Сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы, мысық, ит Аю, қасқыр, қоян, түлкі Балалар қимыл-қозғалыспен көрсетеді. Аю Маймақ, үлкен, күшті, қоңыр Бал, балық, жидек жиді. Мысық
--	---	---

	мысық жабайы ма, жоқ үй жануары ма?	Үй жануары
	Жүнім желкілдеген, Құйрығым ұлпілдеген. Сияқтымын жалын, Жаңғақ құмар жаным.	Тиін
	Тиінның суретін көрсетіп. Тиінның ұлпілдек құйрығына назар салындаршы. Ол тиіннің секіріп жүруіне көмектеседі. Тиін немен қоректенеді?	Жаңғақпен, шишкамен, саңырауқұлақпен
	Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар, Сегіз тұяғы бар Иегінде сақалы бар	Ешкі
	Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айқай шу.	Түлкі
	Түлкінің суретін көрсетіп. Түлкіге құйрығы аңшылардан, иттерден іздерін сыпырып жасыру үшін керек. Ол өте қу. Балалар, сендер қу түлкі туралы қандай ертегілерді білесіндер?	«Бауырсақ», «Қасқыр мен түлкі», «Түлкі мен тырна».
	Адамға серік, Күзетке берік.	Ит
	Қыста ақ, жазда сұр Ол не?	Қоян

	Қоян қандай? Қоянның ақ терісі оған қыста... жауынан жасырынуына көмектеседі. Қоян нені жақсы көреді? Балалар үй жануарлары бізге не береді? Сүттен не жасаймыз? Жүннен не жасаймыз? Еттен не жасаймыз? Мейрамкүл: Дидактикалық ойын: «Жануарлардың төлдерін ата» Шарты: Балалар жануарлардың төлдерін ежелерінің қасына қоюлары керек. Оларды атап, үй немесе жабайы жануар екенін табулары керек. Сергіту сәті: Көлбең-көлбең, көлеңкем, Аю қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Аю былай жүреді, Аю былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Қоян қалай жүреді?	Кішкентай, қорқақ, жүні үлпілдек ақ және сұр болады. Сәбізді, қырыққабатты, ағаштың қабығын. Сүтін, жүнін, етін береді. Ботқа, айран, құрт, май жасаймыз. Қолғап, наски, алаша, киімдер тоқимыз. Тамақтар, шұжық, қазы жасаймыз. Балалар төлдерді ежелеріне қосып үй немесе жабайы жануар екенін айтады.
--	--	---

	Кім көрсете біледі? Қоян былай жүреді, Қоян былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Қасқыр қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Қасқыр былай жүреді, Қасқыр былай жүреді. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Түлкі қалай жүреді? Кім көрсете біледі? Түлкі былай жүреді, Түлкі былай жүреді. Назерке: Балалар кім енді үй және жабайы жануарлар туралы тақпақтар айтады.	Балалар қимыл- қозалыспен айтып жасайды. Айдар: Күшігім өсіп ит болды, Түнде тынбай үреді. Адал досым қасымнан Қалмай бірге жүреді. А. Аяла: Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Қаша берсең орманға, Қорқағым деп ат қоям. Сұлтанхан: Құлыншағым құндызым, Құлдырайды шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. Көркем: Шөре-шөре лағым,
--	---	---

		Тентек болма шырағым. Секектеме деміңді ал, Селтеңдемей құлағың. Бекбол: Қасқыр орманда жорытады, Аяздан ол қорқады. Аспанға қарап ұлиды Ауылда малды торида. Айназ: Айналайын ботам Қандай күлте жотаң. Табандарың жалпақ, Теріп жейсің жантақ. Айшуақ: Түлкі деген қу ғой, Жүрген жері шу ғой Жатып алып жағада Іздегені ду ғой. Ахмет: Жылқы деген бір мал бар, Ер жігіттің қанаты. Ту көтерер тұлпар бар, Батырлардың санаты.
	Дидактикалық ойын: «Өз қорегіңді тап» Шарты: Ортаға балалар шығып, беттеріне жануарлардың бетпердесін тағып. Әр жануар өзінің	Балалар әр жануардың қорегін табады.

	сүйікті тағамын тауып алу керек. Дидактикалық ойын: «Қай жануар қайда тұрады?» Шарты: Балалар үй жануарларын үйдің қасына, жабайы жануарларды орманға орналастырады. Дидактикалық ойын: «Жануарлардың жарты бөлігін тап» Шарты: Жануарлардың жарты бөлігі бар келесі бөлігін табулары керек. Мейрамкүл: Балалар енді шығармашылық бойынша жұмыс жасайық. 1-орталық: Ақ қоянның ақ мамық жүнін жапсырамыз. 2-орталық: Қойдың үстіне бұйра жүндерін жапсыру.	Балалар магнит жануарларды мекендеріне орналастырады. Балалар жарты бөлігін тауып жапсырады. Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды.
Жетекші- жөндеуші	Қорытынды: Жануарлар нешеге бөлінеді? Үй жануарларына кім қамқорлық жасайды? Жабайы жануарларға ша? Сөздік ойын: Ең айлакер аң... Аң патшасы... Мысыққа ұқсайтын аң... Ең ұзын мойын...	2-ге үй және жабайы жануарлар. Адамдар Өз беттерінше өмір сүреді. Түлкі Арыстан Жолбарыс Керік

	Ауыл маңын ториды... Үстінде тікені бар...	Қасқыр Кірпі
--	---	-----------------

Күтілетін нәтижелер:

Білу: Жабайы аңдар, олардың тіршілігі туралы білу керек.

Игеру: Үй жануарларынан айырмашылығы туралы түсініктерді игереді.

Меңгеру: Суретпен жұмыс жасау арқылы өз ойын айта білуді меңгереді.

Ізгікер: Текбаева Ғ.Ғ.